


ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІ

2021 ж. қаңтар-қыркүйек



393,7
МЛРД. ТГ.



103,5%
ФКИ

- промышленные газы
- красители и пигменты
- прочая неорганика
- прочая осн.неорганика
- удобрения и азотосодер.вещества
- пластмассы в первичных формах

\$649,2
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 93,2%
от 6,8%




НАРЫҚ

\$2 071,4
МЛН



ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бойынша
2021 ж. қаңтар-тамыздағы деректер



ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨНДІРІС

2021 ж. қаңтар-қыркүйектегі химия өнеркәсібі

Химия саласы өндірісінің көлемі 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте **393,7** млрд теңгені құрады, бұл, 2020 ж. осы кезеңдегі көрсекіштен **11,7% жоғары**.

Химия өнімі өндірісінде талдау жүргізілген кезеңде *басқа да органикалық емес заттар – 36,4%, тыңайтқыштар мен азоттан тұратын заттар – 18,2%, бояғыштар мен пигменттер – 8,6%, басқа да химиялық өнімдер – 8,2%, бастапқы формадағы пластмасса – 7,5%, өнеркәсіптік газ – 5,5%, пестицидтер және басқа да агрохимия – 5,2%* негізгі үлесті құрады.

Физикалық көлем индексі (бұдан әрі - **ФКИ**) талдау жүргізілген кезеңде **103,5%** құрады. Заттай көріністе ең жоғары өндіріс көлемінің өсуі: хром қосындылары: натрий бихроматы (+83,6%), хром ангидрид (+1,7 есе, хром тотығы (+70,2%), хром малмасы (+13,8%), бұл, «АЗХС» АҚ өндірісінің қалпына келуіне және сұраныстың өсуіне байланысты; цементке қоспа (+35,8%), құрылыс жұмыстарының 9,7% өсуіне байланысты сырлау тегістегіштері (+17,2%); аралас салалардағы өндірістің өсуіне байланысты каустикалық сода (+47,1%), тұз қышқылы (+17,7%), атап айтқанда, қара металлургиядағы өндіріс көлемі 2,6% өсті; ішкі сұраныс пен негізінен Украинаға экспорттың өсуі есебінен фосфорлы тыңайтқыштар (+4,4%); тыңайтқыштар өндірісінің өсуі есебінен аммиак (+6,6%); тұтынушылық сұраныстың өсуі есебінен жуғыш заттар (+26,2%), натрий триполифосфаты (+6,9%).

Химия өнімінің **экспорты құндық көріністе 2021 ж. қаңтар-тамызда 2020 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 14,2% өсті және 649,2 млн. АҚШ долл.** құрады. Негізгі экспорттаушы елдер: Ресей (20,3%), Германия (9,1%), және Украина (6,7%). (2-сурет).

Химия өнеркәсібі өнімінің **импорты 2021 ж. қаңтар-тамызда 2071,4 млн. АҚШ долл.** құрады, бұл, 2020 ж. осы кезеңдегі осы көрсеткіштен 9,7% жоғары. Негізгі импорттаушы елдер: Ресей (48,4%), Қытай (14,8%), АҚШ (4,9%).

Химия өнімі нарығының көлемі 2021 жылғы қаңтар-тамызда **2221,8 млн АҚШ долл. (944,7 млрд теңге)** құрады. Талдау жүргізілген кезеңде отандық тауар өндірушілер (ОТӨ) үлесінің төмендегені байқалады, бұл, импорттың құндық көріністе 9,7% өсуіне және 2020 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда ұлттық валюта бағамының 1,6% әлсіреуіне байланысты. ОТӨ үлесі **6,8%** құрады және импорт өнім үлесі 93,2% дейін өсті.

Химия өнімі өндірісінің ең жоғары көлемі 2021 ж. қаңтар-қыркүйекте төмендегі өңірлерде байқалады: Жамбыл (35,8%), Ақтөбе (11,5%), Қарағанды (10,6%), Павлодар (9,6%) және Ақмола (6,1%) облыстарында.